



**Автор:** Қисанова Айсұлу Ағзатқызы  
**Пән:** Әдебиеттік оқу  
**Сынып:** 4-сынып  
**Бөлім:** Мәдени мұра  
**Тақырып:** Әнші Әміре. Әнші. Ж.Аймауытов

Сабақ мақсаты	<b>Барлық оқушылар:</b> өлең мазмұнын түсінеді; <b>Көптеген оқушылар:</b> өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, өлеңді түсініп оқи алады. <b>Кейбір оқушылар:</b> өлеңнің құрылымдық бөліктерін ажыратады, бөліктеріне тақырып қояды
---------------	--

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------



Әнші Әміре.Әнші.  
Ж.Аймауытов  
(19.11.2019 жыл)

**Ширату тапсырмасы.**

Оқушыларды «Б, А, К, М» қима әріптерін таңдау арқылы 4 топқа біріктіреміз.

1-топ: «Білім»

2-топ: «Ақыл»

3-топ: «Кітап»

4-топ: «Мектеп»

Оқушылар қима әріптерді таңдап ол туралы өз ойын айтады, топтарға бірігеді. Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттарымен таныстыру Оқушылармен бағалау критерийін құрастыру немесе таныстыру Қызығушылықты ояту Жаңа сабаққа деген қызығушылықтары оянып, ерекше ынтамен кіріседі.

**1- (МК, Ұ) суретпен жұмыс «Галереяны шарлау» стратегиясы** бойынша қабырғаға ілінген суреттерге шолу жасайды.

**- ЭКСПО КӨРМЕСІНЕ ҚАТЫСҚАН ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ**

Image not found or type unknown





Image not found or type unknown



*ЭКСПО көрмесіне қатысқан алғашқы қазақ - Әміре Қашаубаев екенін біреу білсе, біреу білмес. Қазақтың біртуар әншісі 1925 жылдың мамырында Францияның астанасы - Парижде өткен дүниежүзілік көрменің этнографиялық концертінде «Балқадиша», «Ағаш аяқ», «Бесқарагер», «Дудар-ай», «Жалғыз арша», «Үш дос», «Смет», «Қараторғай» әндерін әуелетіп, күллі әлемді тамсандырған еді. Әйгілі француз жазушысы Ромен Роллан Әміренің құдіретті дауысын тыңдағаннан кейін: «Мен Шығыста әншіні неге бұлбұлға теңегенін енді түсіндім?» деп таңдай қаққан екен.*

«ЭКСПО» халықаралық көрмесі қай кезде де маңызды шара болған. Кез келген мемлекет осы әмбебап көрмеге барынша дайындалып, абыроймен өткізуді ойлаған. 1925 жылы жаһандық шараны өткізу жауапкершілігін Франция астанасы мойнына алады. Осынау дүниежүзілік көрмеге қатысуға ықылас танытқандардың ішінде Кеңес одағы да бар еді. Себебі, шетелде қызыл империяның беделін көтеруді Сталин де теріс көрмеген. Көрмеге қатысушыларды ұйымдастыру сол кездегі РСФСР халық ағарту комиссары Анатолий Луначарскийге жүктелген екен.